

**V сайланған Алматы қаласы мәслихаты XIX сессиясының "Алматы қаласында иттерді ұстау Қағидасын бекіту туралы" 2013 жылғы 28 тамыздағы № 158 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының V сессиясының 2016 жылғы 18 мамырдағы № 18 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2016 жылғы 17 маусымда № 1292 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2018 жылғы 17 сәуірдегі № 223 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 17.04.2018 № 223 ( алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**РҚАО-ның ескертпесі. Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес VI сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. V сайланған Алматы қаласы мәслихаты XIX сессиясының "Алматы қаласында иттерді ұстау Қағидасын бекіту туралы" 2013 жылғы 28 тамыздағы № 158 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2013 жылғы 4 қазанда №1002 болып тіркелген, 2013 жылғы 19 қазанда "Алматы ақшамы" №126 және 2013 жылғы 12 қазанда "Вечерний Алматы" №128 газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

бас тақырыбы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Алматы қаласында иттерді ұстау және серуендету Қағидасын бекіту туралы"  
;

аталған шешіммен бекітілген, Алматы қаласында иттерді ұстау Қағидасындағы:

3 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"3. Қағида Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес әзірленді.";

2 тарау келесі мазмұндағы 8-1 тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Иттерді ұстау кезінде иелері келесі талаптарды сақтайды:

1) жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына хабарлайды :

жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төлі мен оның өткізілгені туралы;

жануарлар қырылған, бірнеше жануар бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы хабарлауға және ауру деп күдік келтірілген кезде, ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қолданады;

2) үй жануарларын уақтылы бірдейлендіруді қамтамасыз ету;

3) биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жануарларды дұрыс тіршілігі үшін керекті мөлшерде азықпен және сумен қамтамасыз ету, оларды қараусыз қалдырмау, жануарларға ізгілікпен қарау;

4) өздерінің үй жануарларының ветеринария-санитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ тері-паразитарлық ауруларға және гельминттерге қарсы уақтылы вакцинация мен диагностиканы қамтамасыз етеді;

5) мемлекеттік ветеринариялық мал дәрігерлеріне олардың негізделген талабы бойынша клиникалық қарауға, диагностикалық зерттеуге және емдеу-алдын алу шаралары, егу мен вакцинация жұмыстарын жүзеге асыру үшін жануарларды кедергісіз көрсетеді."

2. Алматы қаласы мәслихатының аппараты осы шешімді интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының кәсіпкерлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы К. Авершинге және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е.Әукеновке (келісім бойынша) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*VI сайланған*

*Алматы қаласы мәслихатының*

*V сессиясының төрағасы*

*VI сайланған*

*Алматы қаласы мәслихатының*

*хатшысы*

*Р. Алшанов*

*Қ. Қазанбаев*

